

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Павлодар мемлекеттік педагогикалық университеті



Бекітемін

ПМПУ ректоры, х.ғ.д., профессор

А. Нухұлы

2018 ж. 25.04

(Ғылым кеңесінің 2018 ж. 25.04-тегі
№ 5 хаттамасы)



**ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
СТУДЕНТІНІҢ АР-НАМЫС КОДЕКСІ**

Павлодар қ.

Павлодар мемлекеттік педагогикалық университет студенттерінің қауымдастығы:

– университет миссиясын жүзеге асырудағы өз жауапкершілігін сезінеді;

– Қазақстан Республикасындағы кәсіби педагог кадрларын даярлайтын жетекші жоғары оқу орындарының бірі ретінде, ПМПУ-дің бірлескен мәдениеті мен беделін қолдау мен дамытуды өз парызы деп санайды;

– ПМПУ жетістіктерін студенттер мен жастар ортасында насихаттайды жүргізеді;

– ПМПУ-де студенттер, қызметкерлер және жоғарғы оқу орнының әкімшілігі арасында шынайы демократиялық қарым-қатынастар жүйесін қалыптастыруға ұмтылады;

– ПМПУ студентінің осы Ар-намыс кодексін қабылдайды және оны қалтқысыз орындауға міндеттенеді.

1-бап. ПМПУ студенті Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын, ПМПУ Жарғысын, ішкі тәртіп Ережесін, жатақханада тұру ережесін және басқа да ПМПУ-дің нормативтік актілерін сақтайды.

2-бап. ПМПУ студенті Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін, ұлттық мәдениетін, Қазақстан мемлекетінің қалыптасу тарихы мен Қазақстанның мемлекеттілігін біледі және оларды қастерлейді, университет дәстүрлерін кіршіксіз сақтайды және оларды арттырады.

3-бап. ПМПУ студенті басқа студенттермен, оқытушылармен және ПМПУ әкімшілігімен қарым-қатынас барысында ізеттілік, кішіпейілділік және ұқыптылық танытады.

4-бап. ПМПУ студенті кез келген адамға оның шығу тегі мен ұлтына, әлеуметтік мәртебесіне, діни немесе дүниетанымдық ұстанымдарына қарамастан құрметпен қарайды.

5-бап. ПМПУ студенті өзінің оқудағы міндеттерін қатаң орындайды, этикалық, академиялық және құқықтық олқылықтар жасамайды, соның ішінде:

- шығармашылық ұрлық;
- алдау;
- шпаргалка пайдалану, білімді бақылаудың барлық деңгейлері мен түрлерінен өту барысында көшіру және сыбырлап айту;
- неғұрлым жоғары баға алу үшін туысқандық немесе қызмет бабындағы байланыстарды пайдалану;
- пара беру;
- оқытушыны алдау және оны сыйламау;
- сабақты себепсіз босату.

6-бап. ПМПУ студенті университет мүлкінің сақталуына қамқорлық жасайды және университет аумағында бүлдірушілік көріністерінің жүзеге аспауына шара қолдану.

7-бап. ПМПУ студенті университеттің кітапханалық-ақпараттық ресурстарына ұқыпты қарайды және оларға қатысты салғырттыққа немесе зиянкестік әрекетке жол бермейді.

8-бап. ПМПУ студенті жинақы жүреді. Оның сырт келбеті эстетикалық нормаларға сәйкес болды тиіс.

9-бап. ПМПУ студенті салауатты өмір салтын ұстанады және оны насихаттайды, өзінің мәдени, адамгершілік және денесінің даму деңгейін жетілдіруге ұмтылады, университеттың қоғамдық-мәдени, ғылыми және спорттық өміріне белсене қатысады.

10-бап. ПМПУ студенті университетте және одан тыс жерлерде де құқыққа қарсы әрекеттерге жол бермеуге тиіс.

11-бап. ПМПУ студенті – елде тұрақсыздыққа бағытталған ақпараттың таратылуына жол бермеуі, сондай-ақ заңмен рұқсат етілмеген жиналыстарға, демонстрацияларға, митингілерге, тосқауылдарға, акциялар мен шерулерге қатыспауы тиіс.

12-бап. ПМПУ студенті университет мүддесіне қайшы келетін және ПМПУ имиджі мен беделіне нұқсан келтіретін кез келген іс-әрекетке қатысудан бас тартады.

13-бап. ПМПУ студенті Кодекс ережелерінің бұзылуын анықтаған сәтте оны өз күшімен тыюға тырысады, болмаса бұл туралы студенттердің өзін-өзі басқару органдарына немесе әкімшілікке хабарлайды.